

КЕЛІСІЛДІ 
ЖШС «LauRus2019»
«LauRus» бөбекжайы
Әдіскері Айшуақова Р.А.


ЖШС «LauRus2019»
«LauRus» бөбекжайы
менгерушісі Бижанова Г.Н.
«29» тамыз 2024ж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды топтарының
ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспары**

Түсінік хат

2024– 2025 оқу жылында «LauRus» бөбекжайы «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды топтары балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2024 жылғы 17 маусымдағы №5хаттама)

Бөбекжайдағы мектепалды топтың (5 жастағы балалар) апталық оқу жүктемесінің көлемі - 20 сағат.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру 3 сағат
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту 2 сағат, көркем әдебиет 2 сағат, сауат ашу негіздері 3 сағат, қазақ тілі 2 сағат.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - математика негіздері 3 сағат.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру 1 сағат, музыка 2 сағат
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру 2 сағат.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жүру: Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру. белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту</p> <p>Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Спорттық жаттығулар: Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.</p> <p>Спорттық ойындар: Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты дыбыстардың айтылуын ж/е дыбысталуын дұрыс, анық айту; Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу,</p> <p>Күтілетін нәтиже: Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады; артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытады; балалар сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді қолдана алады; айналасындағы адамдармен диалогты сөйлесе отырып, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді;</p>
Көркем әдебиет	<p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруге тырысады.Өлеңді жатқа, мәнерлеп интонациямен айту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды, қайталап айтады; көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп интонациямен оқиды.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды,сөздерді буындарға бөледі,олардың саны мен ретін анықтайды,берілген буынға сөз құрастырады;</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту</p> <p>Сөздік қор: Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдану.</p> <p>Күтілетін нәтиже «бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата» білдіретін сөздерді біледі.Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап береді</p>
Математика негіздері	<p>Жиын: Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру. жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>Сан, санау: 5 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. 5 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p>Шама: Заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер: Балаларды шеңбермен және тіктөртбұрышты салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру;</p>

	<p>Кеңістікті бағдарлау: Балаларға кеңістік туралы түсініктерді бекіте отырып: заттарды кеңістікте орналастыра алуы (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);</p> <p>Уақытты бағдарлау: Апта күндерінің, таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерінің реті туралы білімдерін бекіту;</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құралатындығы туралы түсінік қалыптастыра отырып, заттарды 5 саны көлемінде тура және кері санауды біледі; заттарды шамасына қарай салыстыра отырып көзбен немесе беттестіру арқылы салыстыру тәсілдерін қолданады, заттарды кеңістікте орналастырады, апта күндерін, тәулік бөліктерін ретімен атайды.</p>
Сурет салу	<p>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу арқылы, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білуді үйрету. Сонымен қатар заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың кеңістікте орналасуын ескере отырып, олардың дұрыс түстері мен реңктерін беруді үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді; бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу арқылы суретке дұрыс реңк бере алады;</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін жетілдіру. Балалар шынайы бейнесіне қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге; қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуді үйрету;</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі; заттың бейнесіне қарап немесе ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді; қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді; мүсіндеудің (үзіп алу, домалату, сопақша жасау) сияқты әртүрлі әдістерін қолданады;</p>
Жапсыру	<p>Жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу тәсілдерін қайталап жасауды үйрету. Қайшыны дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтауды еске түсіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды; қайшыны дұрыс қолданады; еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды;</p>
Құрастыру	<p>Конструктор бөлшектеріне өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімі (тақия, сәукеле) және ою-өрнектермен безендіру. Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету. Бірдей бөлікке қиғаштай бөлінген (бұрыштарының басын дәл қосу) дайын үлгілермен ж/е қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану;</p> <p>Күтілетін нәтиже: Көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан тақия, сәукеле жасайды; бейнені кескіні бойынша қияды, ұжыммен бірге жұмыс істейді;</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату</p> <p>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш</p>

	<p>сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру</p> <p>Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыкаға деген қызығушылық пен сүйіспеншілік артады; музыкалық шығармаларға ерекше қызығушылық көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айта отырып, музыкалық дыбыстарды ажырата, әнді таза айтуға тырсады. Марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді; заттармен қимылдар жасайды.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы үйі: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ер жетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттілігін түсінуіне, болашақта мектепке оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету;</p> <p>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу;</p> <p>Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу туралы түсініктерін қалыптастыру; Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауға, үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, көмектесуге, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуге баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Өзінің болашағына, табысты болу үшін білімнің қажеттілігін түсінеді, еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді, өз күші мен мүмкіндіктеріне сенеді, туыстық байланыстарды түсінеді, жеті атасын біледі, отбасы мүшелерін жақсы көреді, оларға алғыс айтады, сыпайы сөйлейді.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Жүру: Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p>Қимылды ойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Спорттық ойындар: Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Заттардың арасымен төрттағандап еңбектейді; әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп өтеді; бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді;</p>
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш,

	<p>з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану; сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау. әдепті және сабырлы болу;</p> <p>Күтілетін нәтиже: Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады; сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады; артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытады; әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды;</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды; мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтады; кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді;</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сөйлем сөздерден тұратынын біледі; берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады; қаламды дұрыс ұстай отырып сызықтарды үзбей жаза алады;</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән ә дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. Басы, ортасы, соңында дыбыстың орнын анықтайды. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған заттарды ажыратады</p>
Математика негіздері	<p>Жиын: Балаларға жиын сапасы бойынша заттардың түсі мен пішіні туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Сан және санау: Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйрету.</p> <p>Шама: Заттарды әртүрлі белгілері бойынша пішіні, өлшемі арқылы салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау;</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Балаға белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуді үйрету.</p>

	<p>Күтілетін нәтиже: Жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді; әртүрлі белгілері бойынша заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша салыстыруға қабілетті; топтан шеңбер, тіктөртбұрышты танып атайды; қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды;</p>
Сурет салу	<p>Сурет салу кезінде парақ кеңістігіндегі заттардың қалпын бере отырып, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігі туралы түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алуы), тірі табиғат заттары: өсімдіктер, жануарлар, құстар бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы бере білуді үйрету</p> <p>Күтілетін нәтиже: Заттардың жазықтықта әртүрлі бағытта орналасуы мүмкін екендігі туралы түсінеді; тірі табиғат заттары өсімдіктер, жануарлар, құстар бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді;</p>
Мүсіндеу	<p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеуді жетілдіру. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білуді үйрету, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуге баулу.</p> <p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Адам мен жануардың пішіндерін қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, мүсіндейді және мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады. Сонымен қатар шынайы ойыншықтарды және халық шеберлерінің бұйымдарын заттарды мүсіндейді</p>
Жапсыру	<p>Қайшыны дұрыс қолдану, жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алуды үйрету.</p> <p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюді жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды; таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды; қайшымен жұмыстану тәртібін біледі</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Құрылыс материалдарынан ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрдастарымен бірлесіп құрастырады; баланың шығармашылығы артады, ойлау қабілеттері дамиды. Өздерінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады және оны құрастыруда қолданады;</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату</p> <p>Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.</p> <p>Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту.</p>

		<p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; дыбыстардың (баяу, жылдам) ажратады. қарапайым ұлттық аспапта ойналған (күй, ән) музыкалық жанрларды ажыратады; музыканың сипатына сәйкес би қимылдарды орындайды;</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Адамгершілік пен патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту</p> <p>Еңбекке баулу: Әр түрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтежиесінің маңызын түсіну және бағалау. Сонымен қатар ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Түрлі кәсіп адамдарына құрмет көрсету. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, өзі мен құрдастарының еңбегінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар, адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарауға баулу. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Мемлекеттік рәміздерді біледі; мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсінеді, оларға белсенділікпен қатысады сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысады; Астананың бас қала екенін, оның көрікті жерлері мен республикамыздағы ауылдар, қалалар туралы түсінікке ие. Туыстық байланыстарды түсінеді, жеті атасын біледі; қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін сақтайды; үлкендерді сыйлайды, кішіге қамқорлық танытады; еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді; айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады; еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтейді, үлкенді сыйлайды, олардың еңбегін бағалайды; ата-анасының, жақындарының мамандықтары туралы әңгімелейді, ересектердің еңбегін құрметтеп және бағалайды; балалар үй жұмыстарына көмектеседі; кезекшінің міндеттерін, топта және балабақша ауласында шамасы келетін тапсырмаларды өз бетінше орындайды;</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<p>Жүру: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу.</p> <p>Спорттық ойындар: Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру.</p>

	<p>Күтілетін нәтижелер: Заттардың арасымен секіреді, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді; тұрған орнында айналып секіреді;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың басы, ортасы, соңында орналасқан орнын анықтау; Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу,</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар сөздегі дыбыстардың басы, ортасы, соңында орналасқанын анықтай отырып дыбыстарға артикуляциялық жаттығулар жасай алады; сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолданады; әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді;</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға үйрету. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажырата отырып, өлеңдерді мәнерлеп немесе жатқа интонациямен оқуға машықтанады</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p> <p>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар қаламды дұрыс ұстап, жазу парағын бағдарлап, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті дұрыс пайдалана алады; геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай бастырады, бояу қабілетіне ие;</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта: Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ә қайталау ө дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық және дауыс аппараттын, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс</p>

	<p>қолдануға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән ө, ә дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. Сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;</p>
Математика негіздері	<p>Жиын: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>Сан және санау: 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Нешінші?» сұрағын ажырату, оған дұрыс жауап беру дағдысын дамыту;</p> <p>Шама: Заттарды әртүрлі белгілері бойынша түсі, пішіні, өлшемі, материалы оның қолданылуын салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Геометриялық пішіндер дөңгелек пен сопақшаның бір -бірінен айырмашылығын ұстап, көзбен салыстыра отырып ажырата білуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);</p> <p>Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»)</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді; 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныс болады және нешінші сұрағын тиімді жерде қоя білу дағдысына ие; геометриялық пішіндерді ұстап, көзбен мөлшерлеп ажырата алады; заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі;</p>
Сурет салу	<p>Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнгерлеп жеткізе біле отырып, балаларға түстерді өз қалауы бойынша таңдауға үйрету. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру екі түсті араластыру арқылы қажетті түсті алу және қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу қажеттігін үйрете отырып, өз жұмысының нәтижелеріне баға беруді үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Түстерді өз қалауы бойынша таңдай алады; бояуларды қолдануды, бояғышта қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі; өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады;</p>
Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошак, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасауға үйрету;</p> <p>Күтілетін нәтиже: Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдана отырып, қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді;</p>
Жапсыру	<p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруді үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді; жұмыс тәсілдерін таңдайды және түсіндіреді; қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарын, киіз үйдің жасауларын, тұрмыстық заттарын таниды, олардың қандай материалдан жасалғанын ажыратады;</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Табиғи, қалдық материалдардан</p>

		<p>құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде алдын-ала жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білуге бағытталу.</p> <p>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, қолдан бұйымдар жасай білуге үйрету. Баланың талантын шыңдау .</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қалдық және табиғи материалдан құрастырып бұйымдар жасайды; көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасап үйренеді; ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастырады; жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгертеді; бейнені кескіні бойынша қияды;</p>
	<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау: (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату</p> <p>Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.</p> <p>Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қарапайым ұлттық аспапта орындалған музыкалық жанрларды ажыратады. музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен)би ырғағымен береді;шығармашылық қабілетін шыңдап ойдан би шығару қабілетіне ие болады.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Қарапайым экологиялық ұғымдарды қалыптастыруда, адамның табиғатпен тығыз байланысты екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді; заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады; өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратады; туған өлкенің ағаштарын, бұталарын, гүлдерін, шөпті өсімдіктерін таниды және ажыратады; табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы біледі; тірі объектілердің өсуі мен дамуы үшін су, жарық, ауа, қорек және айналасындағылардың қамқорлығы қажет екенін түсінеді; қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат объектілеріне қамқорлық танытадықоршаған орта тізбегі туралы түсінікке ие</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Жүру: Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру. белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айкастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p>Спорттық жаттығулар: . Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.</p> <p>Спорттық ойындар: Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Қимылды ойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу ескеру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады; допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алады. Допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан). Оң және сол қолымен</p>

	<p>көлденең нысанаға (2-2,5м қашықтықтан), дәлдеп лақтыру. Бір-біріне допты домалату. Басына құм салынған қап қойып тура салынған жіп бойымен жүру. Допты жоғары қарай лақтыру және оны қос қолымен қағып алу. Қолдарын белдеріне қойып, гимнастикалық орындық бойымен жүру. Гимнастикалық қабырғадан кезектескен қадаммен өрмелеу. Оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2-2,5м қашықтықтан), дәлдеп лақтыру. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру. Қатар қойылған заттардың арасынан «жыланша» жүгіру. Шеңбер түрінде салынған арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Түрлі бағытта төрттағандап еңбектеу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Допты жоғары, лақтырып қос қолымен қағып алады; бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; заттардың арасымен төрттағандап еңбектеу қабілетіне ие;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Ана тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйретуді жалғастыру. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p>Сөздік қор: Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстап, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану</p> <p>Күтілетін нәтиже: Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айтады және сөйлеу кезінде дауыс ырғағын дұрыс пайдалан алады. Сөздік қорларын зат есімдермен толықтыра отырып қойылған сұрақтарға нақты жауап бере алады.</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Және қаламды немесе қарандашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды(штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар қаламды дұрыс ұстап, жазу парағын бағдарлап, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті дұрыс пайдалана алады; сөздегі буындардың санын анықтайды және екпінді буынды естиді.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта: Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ө дыбысын бекіту және қ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән ө, қ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. Хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап береді.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>

	<p>Күтілетін нәтиже: Балалар кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтады; кітаптарға деген қызығушылық таныта алады;</p>
Математика негіздері	<p>Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау: 10-ға дейін тура және реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, "Нешінші?", "Саны бойынша қанша?" сұрақтарына жауап беру, логикалық есептер шығаруға үйрету.</p> <p>Шама: Беттестіру тәсілін қолдана отырып, заттарды салыстыруды жалғастыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер. Үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрышты танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді үйрету</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Жоғарыда-төменде, сол жағында-оң жағында, алыс-жақын бағдарлай білуді үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құралатындығы туралы біледі; 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды және «нешінші?» сұрағына дұрыс жауап бере отырып логикалық есептерді шығару қабілетіне ие.</p>
Сурет салу	<p>Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салуда, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен бейнелей отырып, заттардың кеңістіктікте орналасу қатынастарын жеткізе білуді үйрету. Бейнелеудің түрлі техникаларын (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдануды үйрету. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Шығармашылықтарын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Түстерді өз қалауы бойынша таңдайды; сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады; заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді;</p>
Мүсіндеу	<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, ертегі кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құра отырып, ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу дағдыларын меңгеріп жұмыстанады;</p>
Жапсыру	<p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру</p> <p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Балалардың шығармашылығын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарын, киіз үйдің жасауларын, тұрмыстық заттарын сандық, кебежемен, қоржынмен таныс болады, олардың қандай материалдан жасалғанын ажыратады; геометриялық пішіндерден құрастырылған әшекей қазақ ою-өрнектерімен жапсырып безендіреді;</p>
Құрастыру	<p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Балалардың шығармашылық ойлауын және қиялын дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді жетілдіру, балалардың ептілігін шыңдау. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану тәсілін жалғастыру, шығармашылық қиялды дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: ұжыммен бірге жұмыс істейді; жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгертеді; жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтай біледі;</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).</p> <p>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету..</p>

		<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау,</p> <p>Билер: Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету</p> <p>Ойындар, хороводтар: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; Қазақтың ұлттық биі «Қамажайды» үйреніп қимылдарын жатқа орындай алады. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнау қабілетіне ие;</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Көлік, байланыс құралдары: Арнайы көлік құралдарының түрлерін (жедел жәрдем, полиция көліктері, өрт сөндіру машинасы, әскери көліктер т.б.) белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну; ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін ұстану және күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану керектігін түсіндіру. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнауға баулу. Сонымен қатар еліміздегі мемлекеттік мерекелердің бірі Жаңа жыл туралы, оны қалай қарсы алу туралы ұғым қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы оларды қоғамға пайдасы қажеттілігі туралы біледі; ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын, оның белгілі бір мөлшерде пайдаланытыны туралы ұғымға ие; өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай біледі; сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысады; айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге тырысады; қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін сақтайды; ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінеді және ажыратады; Жаңа жыл мерекесі туралы түсінікке ие;</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	<p>Жүру: Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.</p> <p>Спорттық ойындар: Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p>Қимылды ойындар. Бінта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды;</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту және жетілдіру, дауыссыз б-п,к-қ,ғ-ғ, р-л,з-с, ж-ш, н-ң дыбыстарды есту бойынша ажыратуға жаттықтыру.</p>

	<p>Сөздік қор. шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Грамматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру, түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу; етістіктерді жалғаулармен дұрыс қолдануды жетілдіру. Балаларды зат есім, сын есім, етістіктердің күрделі түрлерін жасауға жаттықтыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізеді, өз пікірін айтады, монологты байланыстырып құра біледі. Әңгімені қолдауға, сөздерді тыңдап түсінуге, сұрақтарға жауап беруге және сұрауға, әңгімелесу кезінде өзін ұстау іскерліктерін жаттықтыру.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Тәрбиешінің ұсынған тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасы мен соның ойлап табуға үйрету, ұсынылған тақырыптар негізінде бір-бірімен байланысқан.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сөздегі дыбыстардың орның анықтайды, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтады. Артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытады. Сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соның ойдан шығарады.</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқу әңгімелеу; мазмұнын түсіну, мәнерлеу құралдарына байланысты әдеби шығармаларды қабылдауға баулу; сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу;</p> <p>Күтілетін нәтиже: әдеби жанрларды айтады, көркем мәтінді тыңдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады. сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолданады;</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Дыбыстық құрылымы әр-түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Сөйлеу туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз) .</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сөздегі буындардың санын анықтайды, үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта: Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібі туралы фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән қ дыбысын бекіту және ү дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппараттын, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерімен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән дыбыстарынды қ, ү дұрыс атайды; Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібі туралы және азық түлік атауларын біледі.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын: Жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту; бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың бірыңғай сәйкестегі үлкен және кіші бөліктерді анықтау.</p> <p>Сан, санау: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі; «қанша?», «нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді.</p> <p>Шама: Шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыруға үйрету. Арнайы ұйымдастырылған жағдайда заттардың ұзынырақ (қысқа), жоғары(төмен), кең (тар), қалың (жұқа) үлгісінде және оларға тең екендігін таба білуге баулу.</p> <p>Геометриялық пішіндер: Айналасына қарап, геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай білуді меңгерту. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, ұшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш)мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды</p>

	<p>ажырата білуге жаттықтыру;</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Заттың қай жерде, қалай өзіне немесе қай затқа жақын орналасқандығын ауызша жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жиынтықтың құрамдас бөліктерін ажырата алады; 10 көлеміндегі сандарды біледі, оларды тура және кері санайды</p>
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу: Қоршаған ортадағы болмысты,(заттарды, өсімдіктерді, ойыншықтар мен гүлдерді) заттарға қарап отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, олардың сипаттық белгілерін байқауға үйрету. Табиғаттың күрделі емес бинесін суретте көрсету. Ағаштың бұтақтарына, бұталардың жапрақтарына немесе гүлдеріне, кейбір бөлме өсімдіктеріне қарап сурет салу. Түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей біледі.</p> <p>Сәндік сурет салу: Түрлі пішінді қағазда симетриялық ою-өрнектерді құрастыра білуге үйрету. Көлемді пішіндерді безендіру. Сұлбаларға орналастыра отырып, қазақ оюларының элементтерін құрастыру, қазақ оюларына тән түрлі түстердің үйлесіміне құрылған тапсырмаларды орындау. Таныс элементтерден композициялар құрастыру, ұжымдық жұмыстарды орындау.</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Бұлыңғыр немесе шуақты күнді, мерекелік отшашу, кешкі өзендегі кеме және т.б.қағаздың түсіне сәйкес бояуларды таңдауға үйрету. Қоғамдағы қоршаған ортадағы жағдайлар, мерекелер, адамдардың еңбегі, ертегі, тақпақ, ән әуендері және т.б. сияқты күрделі емес сюжеттері суретте көрсете білуге үйретуді жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сурет салуда түрлі техниканы дербес қолданы, күрделі емес ойыншықтардың, жануарлар мен адамдардың суретін салады, сурет салуда адамның қарапайым қимылдарын бере біледі.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Адамның бейнесін жануарлардың қозғалыстағы мүсінін үйлесімділікті, қол-аяқ қалпын дұрыс мүсіндеуге үйрету. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білуге, бөліктердің салыстырмалық көлемдерін сақтауға, мүсінделген пішіндердің бөліктерін нақтылауға, оларды бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуге үйрету.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Затқа қарап, ұсынылған және өз ойлары бойынша сәндік мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Заттарды әсемдік элементтермен безендіру.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композиция жасау дағдыларын жетілдіру. Ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Мүсіндеудің түрлі техникаларын қолданады: ортақ композиция жасау үшін ұжымдық мүсіндеу дағдыларын меңгерген.</p>
Жапсыру	<p>Заттық жапсыру: Түрлі пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру: симетриялық емес сұлбаларға салынған немесе қиялдағы сұлбалармен қию дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік жапсыру: Мүсіндерді қатпарланған қағаздан бірдей пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симетриялы пішіндер қию арқылы ұлттық ою-өрнектермен безендіру, бейнелерді айқын беру үшін сұлбаны қию және жыртып жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Балалардың жапсыруда сюжетті композиция құрастыра білулерін жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Салынған немесе қиялдағы контур бойынша бейнелеуді игерген. Екіге бүктелген симетриялы пішіндегі қағазды қияды. Ойлау бойынша жұмыс жасай алады.</p>
Құрастыру	<p>Құрлыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: Берілген тақырып бойынша, сөзбен сипаттау, сурет, фотосурет бойынша құрлыс салуға үйрету.</p> <p>Қағаздан құрастыру: Қағаз цилиндрлерден, оларды қосу әдісі мен жануарлардың, адамдардың пішіндерін жасай білуге үйрету.</p> <p>Ұжымдық сюжетті құрастыру: Шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді формаға өзгерте білуді жетілдіру.</p>

		<p>Табиғи қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи материалды мақсатты пайдалана білуді қалыптастыру, табиғи және қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік, шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білуге үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қалдық және табиғи материалдардан құрастырады ұжыммен жұмыс жасай біледі, жұмыс орындағанда тәртіпті сақтайды.</p>
	<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұның олардың сипатын көңіл-күйің динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әр-түрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әр-түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахыналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Мәтінге сәйкес әнді жеке сахыналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Күтілетін нәтежие: Музыкалық жанырларды ажыратады, әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтай алады. Әнді музыкалық талғаммен орындайды. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындайды.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Жол қозғалыс ережелері: Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Жол белгілерін жүру белгілері, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сивейге арналған жол) білуді қалыптастыру, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сивей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру</p> <p>Күтілетін нәтежие: Жол қозғалысының қарапайым ережелерін біледі; арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы біледі; ересектердің еңбегін құрметтейді және бағалайды; өз өмірінің қауіпсіздігін түсінеді және сақтайды; қоғамдық орындарда тәртіпті, мінез-құлық ережелерін сақтайды;</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	<p>Жүру: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p> <p>Спорттық ойындар: Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Қимылды ойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Заттардың арасымен төрттағандап еңбектейді; әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп өтеді; бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді.</p>

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.Дыбыстарды дұрыс анық айтуды үйрету; сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы) Артикуляциялық жаттығулар жасау</p> <p>Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синоним, антоним сөздерін қолдануға, белгілі бір затқа белгілерді,әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуді жетілдіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін,жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Әңгімелесушіні мұқият тындап,сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау,әдепті және сабырлы болу;сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыруды жетілдіру:</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті: Ересектердің көмегімен ұсынған тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасы мен соның ойлап табуға үйрету, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру;</p> <p>Күтілетін нәтиже: Артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытады;көп мағыналы сөздерді,синонимдер мен антонимдерді қолдану; сөздерін қолдануға,әңгімелесушіні мұқият тындап,сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді;ересектердің көмегімен ұсынған тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасын және соның ойдан шығарады; сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Оқу әңгімелеу. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту; шығарманың мазмұнын сюжетті бірізділігін сақтай отырып эмоциямен айтып беру; өз көзқарасын білдіруге үйрету. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп,сахналау. Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көз қарасын білдіру. Диалогті сөйлеуді дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Өз бетінше шығарма мазмұның қайталап айтады, кітаптарға қызығушылық танытады. Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көз қарасын білдіреді; Көркем шығарманы рөлдерге бөліп,сахналауға қатысады.</p>
<p>Сауат ашу негіздері</p>	<p>Дыбыстарды дұрыс анық айтуды үйрету; (дауысты –жуан/жіңішке; дауыссыз қатаң, ұян, үнді), оларды дұрыс атау. Сөйлем құруға, сөздердің ретін көрсете отырып, жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін санын анықтау, берілген сөзге сөлем құрастыру; қолды жазуға дайындау, жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру;</p> <p>Күтілетін нәтиже: Дыбысттарды дұрыс анық айтады , сөздерге бөлу,сөйлемдегі сөздердің ретін санын анықтайды, берілген сөздерден жай сөлемдер құрастырады; қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды;</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта: Аң аулауда туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ү дыбысын бекіту және ұ дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Артикуляциялық және дауыс аппараттын, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор: аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздерімен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, берілген мәтіннің басталуын және сонын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән дыбыстарынды ү, ұ дұрыс атайды қысқа және сурет бойынша әңгімелердің мәтінін ойдан құрастырады.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: Жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту; бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың бірыңғай сәйкестегі үлкен және кіші бөліктерді анықтау.</p> <p>Сан, санау: Теңдік туралы ұғымдарын қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау,</p>

	<p>санамен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау.</p> <p>Шама: Шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыруға үйрету. Арнайы ұйымдастырылған жағдайда заттардың ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен), биік-аласа, ені мен жуандығын, өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру; әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету;</p> <p>Геометриялық пішіндер: Айналасына қарап, геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай білуді меңгерту. Геометриялық пішіндер мен денелерді (шар, текше, цилиндр) атап ажырата білуге жаттықтыру (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш). Әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету;</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Берілген бағытта, оны белгі бойынша, өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау: Түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Салмақты өлшеу: Дүкендерде қолданылатын таразы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Заттарды әр түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстырады. Геометриялық пішіндер мен денелерді (шар, текше, цилиндр) атап ажыратады ж/е атайды; заттарды кеңістікте орналастырады; қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды; жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді;</p>
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу: Қоршаған ортадағы болмысты бейнелерін сипаттық ерекшеліктерін байқап суретте бейнелей білуін жетілдіру; Жануарлардың бейнелерін жеңіл қозғалыстармен қалыптарды бейнелеу арқылы мәнерлі бере білуді қалыптастыру. Табиғат нысанларын бейнелеу.</p> <p>Сәндік сурет салу: Сұлбаларға орналастыра отырып, қазақ оюларының элементтерін құрастыру, қазақ оюларына тән түрлі-түстердің үйлесіміне құрылған тапсырмаларды орындау, таныс элементтерден композициялар құрастыру, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып қазақ ертегісінің, аңызының желісі бойынша сурет салуды жетілдіру</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сурет салуда түрлі техниканы дербес қолданы, күрделі емес ойыншықтардың, жануарлар мен адамдардың суретін салады, сурет салуда адамның қарапайым қимылдарын бере біледі. Қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіреді. Қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі;</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Ортақ композиция жасау үшін ұжымдық мүсіндеудің адамның, жануарлардың, ойыншықтардың, халық шығармашылығының заттарын қарап мүсіндеу дағдыларын дамыту. Кеуде, бас, және басқада бөліктерді мүсіндей білуге, мүсіндеу тәсілдерін іріктеуде дербестікті білдіру, саз балшықты бөлуге, өз жұмысының алдында тұрған үлгімен салыстыруға үйрету.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Сәндік пластиналарды мүсіндеуге, жұмыс барысында әр түрлі пішінді кескіштерді қолдануға, сазбалшық тілімшелеріне бедерлер жасауға, түрлі ойыншақтарды, ыдыстарды, халық бұйымдарының мәнерінде өздігінен мүсіндеуге, оларды өрнектермен әсемдеуге үйрету.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Қалыптасқан іскерлік пен жеке мүсіндеуде қолдану. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі. Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адаммен жануардың пішіндерін мүсіндейді. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады;</p>
Жапсыру	<p>Заттық жапсыру: Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру; Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді ж/е екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды</p>

	<p>қию;түрлі материалдардан(қағаз,мата, табиғи) жапсыру;</p> <p>Сәндік жапсыру: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) таныстыру, оларды ою-өрнектермен безендіру; сәндік қолданбалы өнерге қызығушылықтарын арттыру;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Балалардың жапсыруда сюжетті композиция құрастыра білулерін жетілдіру; жеке ж/е топпен бірлесіп жасауға баулу;</p> <p>Күтілетін нәтиже: Таныс немесе ойдан әр түрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді, және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды. қазақ халқының тұрмыстық заттарын таниды.Жұмыс тәсілдерін таңдайды және түсіндіреді. Қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды;</p>
Құрастыру	<p>Құрлыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: Құрылыс материалдарынан,конструктор бөлшектерінен құрастыру;өз бетінше,ойдан құрастыруға,құрдастарымен бірлесіп,шығармашылықпен құрастыруға баулу;</p> <p>Қағаздан құрастыру: Пішіндердің түрлі күйлері мен қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін(тақия,сәукеле,кимешек), ыдыстарды құрастыру, ою-өрнектермен безендіру;</p> <p>Ұжымдық сюжетті құрастыру: Бейнені кескіні бойынша қиюды қалыптастыру.</p> <p>Табиғи қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи материалды мақсатты пайдалана білуді бекіту, табиғи және қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік, шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білуге үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Көрнекілікке сүйене отырып елестетуі, ойлау бойынша қолдан бұйымдар жасайды, бейнені кескіні бойынша қияды; жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастырады; жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгертеді; бейнені кескіні бойынша қияды; қалдық және табиғи материалдан құрастырады;</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән,күй марш,би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қортынды,музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әр-түрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әр-түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахыналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Мәтінге сәйкес әнді жеке сахыналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Күтілетін нәтежие: Музыкалық жанырларды ажыратады, әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтай алады. Әнді музыкалық талғаммен орындайды. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындайды.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Жануарлар әлемі: Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Жануарларды топтастыра білуді жетілдіру.</p> <p>Үй жануарлары: Балаларға төрт түліктің пайдасы, төлдерін ажыратуға, оларды күтіп-баптауда адамдардың еңбегі туралы және төрт түліктің қоғамға пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту.</p>

		<p>Жабайы жануарлар: Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және оларды өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Жабайы аңдардың сыртқы түрі қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы қысқа бейімделу туралы ұғымдарын байыту. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p> <p>Күтілетін нәтежие: Жанауарларды топтпстыра алады. Жануарлардың мекен ететін орындарын, қорегі туралы түсінікке ие. Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін ажыратады және атайды; төрт түліктің пайдасын біледі, оларды күтіп-баптауда адамдардың еңбегі туралы біледі; табиғатты қорғау арқылы, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы біледі; тірі объектілердің өсуі мен дамуы үшін су, жарық, ауа, қорек және айналасындағылардың қамқорлығы қажет екенін түсінеді;</p>
--	--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Жүру: Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру. Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Секіру: Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, тұзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу</p> <p>Спорттық ойындар: Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p>Қимылды ойындар: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше</p>

	<p>жүргізуге дағдыландыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Заттардың арасымен секіреді, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді; тұрған орнында айналып секіреді;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуді, берілген дыбысты тындауға үйрету.</p> <p>Сөздік қор. Қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдануға дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді түрлі әдістермен құрай білу біліктерін бекіту; түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, жай және жайылма сөйлемдерді, дауыс ырғағына қарай сөйлем түрлерін ажырата білу, оларды сөйлемдерде қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Сөйлеу мәдениетіне үйретуді жалғастыру, таныс емес ортада, көпшілік ортада, көпшілік алдында сөйлей білуге үйрету. Балаларды бір-бірімен еркін тілдік қарым-қатынасқа баулу.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Бір-бірімен байланысқан мазмұны бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыруға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра біледі, берілген дыбыстарға талдау жасай алады. Түбірлес сөздерді айтады, жай және жайылма сөлемдерді ажырата алады.</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқу әңгімелеу: Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көз қарасын білдіруге құлшынысын дамыту; басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерімен бөлісуіне мүмкіндік беру, диалогті сөйлеуді дамыту; кейіпкерлерге және олардың іс-әрекеттеріне өз ойын айта білуге баулу,</p> <p>Күтілетін нәтиже: Шығарма мазмұның интонациямен қабылдап, эмоциясын білдіре алады; түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі; кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді;</p>
Сауат ашу негіздері	<p>Сөйлем құруға, сөздердің ретін көрсете отырып, жай сөйлемдерді сөздердің ретін көрсетте отырып, жіктеуге жаттықтыру. Сөздегі буындардың ретін анықтау, буындардан сөз құрауға жетілдіру (ауызша, жай сөздердегі дыбыстардың ретін көрсету).</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сөздегі дыбыстардың ретін анықтайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды, сөздерді буындарға бөледі олардың саны мен ретін анықтайды.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, мал өсіру туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ұ дыбысын бекіту және і дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор: Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) және Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), сөздермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ертегілер мен шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән дыбыстарынды ұ, і басы, ортасы, соңында дыбыстын орнын анықтайды. Ертегілер мен шығарманы рөлдерге бөліп сомдайды және кейіпкерлердің мінез-құлқына ене біледі. Қолдануды үйрету; қарапайым сұрақтар</p>

	<p>қоюға және оларға жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: Жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту; бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың бірыңғай сәйкестегі үлкен және кіші бөліктерді анықтау.</p> <p>Сан, санау: Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсінікті қалыптастыру, бұл бөліктерді атап, бүтін мен бөліктерді салыстыруға үйрету.</p> <p>Шама: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енің, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер: Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Уақытты бағдарлау: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблад бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Бүтін бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың бірыңғай сәйкестегі үлкен және кіші бөліктерді ажыратып, салыстыра алады. Қағаз бетінде бағдарлай біледі, Жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу: Табиғат нысанларын бейнелеу. Ағаштың бұтақтарына, бұталардың жапрақтарына немесе гүлдеріне, кейбір бөлме өсімдіктеріне қарап сурет салуға баулу.</p> <p>Сәндік сурет салу: Өз ойлары бойынша сурет салу, қазақ оюларының элементтерін құрастыру, қазақ оюларына тән түрлі-түстердің үйлесіміне құрылған тапсырмаларды орындауды қалыптастыру, таныс элементтерден композициялар құрау және заттарды әшекейлеуді жетілдіру, Халықтың сәндік өнерінің желісі бойынша сурет салуға баулу.</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып қазақ ертегісінің, аңызының желісі бойынша сурет салуға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіредін. Өз ойы бойынша сурет сала алады.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Үлгіге қарап мүсіндеуде, ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Түрлі ойыншықтарды, ыдыстарды, пішіндерді қазақ халқының бұйымдарының (астау, қазан, тостаған, ожау, торсық, кебеже, дермен, білезік, сырға, сақина, шашбау) мәнерінде өздігінен мүсіндеуге, оларды өрнектермен әсемдеуге үйрету.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Үйде және мереке күндері ауланы сәндей үшін қолдану. Ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі. Қазақ халқының түрлі ыдыс аяқтарың, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді. Жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Заттық жапсыру: Күрделі жапсырмалар құрастыру біліктерін қалыптастыру, алған біліктерімен дағдыларын ойында, мереке күндері үй жайды учасклерді безендіру үшін жапсырмаларды жасап қолданады.</p> <p>Сәндік жапсыру: Қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарымен таныстыру, оларды қиып жапсыруға үйрету, ою-өрнектермен безендіруге баулу.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Сюжеттік композицияларды жасауға, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарымен таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді; сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрлыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: Табиғи материалдардан қазақ халқының бұйымдарын жасауға үйрету киіз үйдің жасауларын, тұрмыстық заттарын, ыдыстарымен таныстыру. Олардан қандай материалдан жасалған ажыратуға үйрету.</p>

	<p>Қағаздан құрастыру: Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету.</p> <p>Ұжымдық сюжетті құрастыру: Ұжыммен бірге жұмыс жасауға үйрету.</p> <p>Табиғи қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи материалды ұлттық бұйымдар жасау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдары, киіз үйдің жасауларын, тұрмыстық заттарын, ыдыстарын таниды және олардың қандай материалдан жасалғанын ажыратады. Жазық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгертеді. Ұжыммен бірге жұмыстанады.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әр-түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл,еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Ойындар, хорводтар: Мәтінге сәйкес әнді жеке сахыналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыкалық жанрларды ажыратады, әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтай алады. Әнді музыкалық талғаммен орындайды. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындайды.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау: Заттар олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Балалардың сөйлеу тілінде түрлі заттардың атауларын нақтылау; заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау. Айналадағы заттардың атқаратын қызметінің осы заттар жасалған материалдың құрлысының арасындағы байланысын түсінуге үйрету; мектепке дейінгі ұйымының ғимаратында, жақын орналасқан мөлтек ауданында еркін бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие: мемлекеттік мерекелер: Мемлекеттік мерекелердің (Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы) турла білу. Бұл мерекелердің елімізде тойланатындығы ұғым қалыптастыру. Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білуді жетілдіру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту</p> <p>Күтілетін нәтиже: Өз ойын түсінікті жеткізеді, өзінің пікірін айтады; заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтайды және олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттайды; айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады; балабақшаның үй-жайларында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлайды заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады; Сонымен қатар мемлекеттік мерекелерміз олардың елімізде қалай тойланатындығы туралы түсінікке ие. Қазақстанның тарихи орындары мен табиғатын танып біледі. Киіз үй жабдықтарымен, оның маңыздылығын айыра алады. Қазақ халқының салт дәстүрлерін құрметтеп дәріптейді.</p>

Мектепке Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Жүру: Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p>Спорттық ойындар: Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.</p> <p>Қимылды ойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады; допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алады</p>

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөздерді дыбыстық талдау жасау дағдыларын дамыту, сөзерді түрлендіруге үйрету, сыни көзқарасын қызығушылығын дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Сөзге қызығушылығымен зейінің дамыту. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға, қажетті сөздерді қолдану және түсінуге, оларды сөйлегенде белсенді қолдануға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдана білуге, сөйлеу әдебін жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігімен ынталандыруғ әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Түбірлес сөздерді жасау және қолдануды біледі, етістіктерді жалғаулармен қолдана біледі, сөйлеу әдебін жай және жайылма сөйлемдерді қолданады, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Оқу әңгімелеу. Шығарма мазмұның сюжеттің бір ізділігін сақтай отырып эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтық сөйлеуді дамыту, әдеби кейіпкерлердің белгілі бір әрекетін, өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару</p> <p>Күтілетін нәтиже: Мазмұның бір ізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұның қайталап айтады, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарастарын білдіреді; кітаптарға қызығушылық танытады.</p>
<p>Сауат ашу негіздері</p>	<p>Сөздегі буындардың ретін анықтау, буындардан сөз құрау (ауызша, жай сөздердегі дыбыстардың ретін көрсету). Буындардан сөздер құрастыруға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сөздерді буындарға бөледі олардың саны мен ретін анықтайды. Берілген буынға сөз құрастырады.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта: Егіншілікке қажетті құрал жабдықтары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ғ -н, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор: Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән ғ -н дыбыстарын дұрыс атайды. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог әңгімелесе біледі.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай – ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>Сан, санау: 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы, теңсіздіктен теңдік немесе саны көп, заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p>

	<p>Шама: Беттестіру, тұтастыру, және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p> <p>Геометриялық фигуралар: Пішінің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарын дамыту.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Уақытты бағдарлау: Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнің тануға, қызығушылықпен эмоционалды көз қарасты және таным процесін ерікті реттеу.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: 10 көлеміндегі сандарды салыстырады, саны кем затқа бір зат қосу арқылы, теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығарады. Қағаз бетінде бағдарлай біледі.</p>
Сурет салу	<p>Заттық сурет салу: Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p>Сәндік сурет салу: Қазақ ою-өрнектерінің түрлері (түйе табан, құстұмсық, құс қанаты, жапырақ, жауқазын) туралы түсініктерін кеңейту, оларды құрастыра білуін дамыту, қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Заттардың ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салуды жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) түстерді шығарады. Қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі. Суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолданады.</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеудің әр-түрлі әдістерін қолдану: Құрылымдық жеке бөліктерден және мүсіндік негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау. Затқа қарап мүсіндеуде, ойыншықтардың пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Түрлі зергерлік бұйымдарды мүсіндеу (білезік, сырға, сақина, шашбау) жасауды үйрету.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Қалыптасқан іскерлікпен дағдыларды жеке мүсіндеуде, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, заттарды пішіні мен бере біледі. Жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</p>
Жапсыру	<p>Заттық жапсыру: Алған біліктерімен дағдыларын ұжымдық жапсырмаларды жасау кезінде қолданады.</p> <p>Сәндік жапсыру: Қазақ халқының тұрмыстық заттарын, кілем, алаша, сырмақ, көрпе, жастықпен таныстырып, атталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруге баулу.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Балалар өміріндегі, оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының тұрмыстық заттарын, кілем, алаша, сырмақ, көрпе, жастықты қиып жапсырады, оларды ою-өрнектермен безендіреді; сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады.</p>
Құрастыру	<p>Құрлыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету, табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Қағаздан құрастыру: Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін тақия, сәукеле, кимешек және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен ою-өрнектермен безендіруді үйрету.</p> <p>Ұжымдық сюжетті құрастыру: Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қалдық және табиғи материалдардан құрастырады, ұжыммен бірге жұмыс істейді.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әр-түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p>

		<p>Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл,еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Мәтінге сәйкес әнді жеке сахыналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Күтілетін нәтежие: Музыкалық жанырларды ажыратады, әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтай алады. Әнді музыкалық талғаммен орындайды. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындайды.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. Ғарыш туралы түсінік ұғым қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі: Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын», және «бақша» ұғымдарымен одан әрі таныстыру; өсімдіктерге қажеттілігіне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту; өсімдіктердің тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату; өсімдіктердің құрлымы таңмен ашылып кеште жабылатындығы, оған өлі табиғаттың әсерінің зор екенін, оның өсіп -өлетіндігі туралы түсінік қалыптастыру. Көктем уақытында егіс алқаптары егіліп, одан нан өндіретін ұғындыру. Бидайды өсіріп өндіруде адамдардың еңбегінің зор екенін түсіндіру;маусымға тән жәндіктер, құстардың тіршілігі туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Күтілетін нәтежие: Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін суреттен қарап таниды , оларды құрметтейді. Туған өлкенің ағаштарын, бұталарын, гүлдерін, шөпті өсімдіктерін таниды және ажыратады; өсімдіктерді бақылап, себеп-салдарлық байланыстарды ажыратады; өсімдіктерге күтім жасау әдістерін біледі; нанға ұқыпты қарайды, адамдардың еңбегін құрметтейді;</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ: «Қарлығаш», «Айгөлек», «Балапан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Жүру: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.Кеудеге арналған жаттығулар. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.</p> <p>Спорттық ойындар: Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүреді; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды;</p>

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы) артикуляциялық жаттығулар жасау; Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқының, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p>Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бірі-бірінің қуанышана ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Интонациясы бойыншасөйлемдерді(хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды заттарды, сюжеттік суреттер, құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру,сөйлегенде бейнелі, эпитеттерді салыстыруды қолдану.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытады, қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді. Хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдерді қолданады.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Оқу әңгімелеу. Өлеңді жатқа мәнерлеп интонациямен айту, көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін дененің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауға, сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді сюжетті таңдауда бастамшылықпен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Өлеңді жатқа мәнерлеп айтады, кейіпкерлерді рөлдерде интонациямен сомдайды, сюжеттік таңдау барысында өз дербестік таңдауын білдіреді. Шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды; себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады;</p>
<p>Сауат ашу негіздері</p>	<p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлесімдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйретуді бекіту. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сөздерді буындарға бөледі олардың саны мен ретін анықтайды. Берілген буынға сөз құрастырады. сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды; қаламды дұрыс ұстай алады; жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады; дыбыстардың белгілерін ажыратады (дауысты/дауыссыз); геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай бастырады, бояйды;</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта: туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен</p>

		<p>жабдықталған орта құру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, тілдегі барлық дыбыстарды анық айтады; Басы, ортасы, соңында дыбыстың орнын анықтайды. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап бере алады.</p>
Математика негіздері		<p>Жиын: «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай – ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>Сан, санау: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару</p> <p>Шама: Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу</p> <p>Шама: Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.</p> <p>Геометриялық фигуралар: 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру;</p> <p>Уақытты бағдарлау: Әр түрлі оқиғалардың тәулік бөліктерінің реті туралы білімдерін бекіту. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзіне сызуға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Теңдік туралы түсінік біледі, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді айтады. Пішіндерді жинап құрастырады, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөледі, бүтін мен бөлікті салыстырады. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі; «Қанша?», «нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды;</p>
Сурет салу		<p>Заттық сурет салу: Түзеу, ирек жіңішке жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді жетілдіру, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып түсті таңдау.</p> <p>Сәндік сурет салу: Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол, шапан) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру; салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Қазақ</p>

	<p>халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салуға баулу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Сурет салуда әр-түрлі техникаларды пайдаланады, түзеу, ирек жіңішке жалпақ сызықтарды салады, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра біледі, ұжымдық жұмыстарды орындайды, ойдан сурет салады. қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіреді;</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Мүсіндеудің әр-түрлі әдістерін қолдану: Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсінделген заттармен түрлі ойындар ойнау. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдануға баулу;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеуді жетілдіру.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Ертегілермен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Ойдан өз бетінше мүсіндейді, мүсіндеген заттармен ойнайды, адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол аяқтарын мүсіндей алады. мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады; қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Заттық жапсыру: Қағаздан таныс немесе ойдан әр түрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды жетілдіру.</p> <p>Сәндік жапсыру: Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай ара-қатынасын, әр түрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын бере білу. Трафареттермен, шаблондармен дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; Еңбек қауіпсіздігімен жеке гигиена ережелерін сақтауға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қағаздан таныс немесе ойдан әр түрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолданады. Сюжеттік композицияларды жасайды, сәнді бөлшектермен толқырады. Трафареттермен, шаблондармен дайын үлгілермен жұмыс істейді. Еңбек қауіпсіздігімен жеке гигиена ережелерін сақтайды.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрлыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату; табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи қағаз, ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және қалдақ заттардан құрастыруға баулу. Өзінің құрастырған құрлысын талдау арқылы тиімді конструиікті шешімдерді табады, оларды құрастыра білуге үйрету. Дайын құрлыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>Қағаздан құрастыру: Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін тақия, сәукеле, кимешек және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен ою-өрнектермен безендіруге баулу.</p> <p>Ұжымдық сюжетті құрастыру: Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастырады; құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастырады; Өзінің құрастырған құрлысын талдау арқылы тиімді конструиікті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолданады. Табиғи қағаз, ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және қалдақ заттардан құрастырады. Өзінің құрастырған</p>

	<p>кұрлысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыра біледі. Дайын құрлыспен ойнайды.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың,, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының, шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл,еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлерімен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Өз отаның жақсы көру, оны қорғаудың Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> <p>Жануарлар әлемі:Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), туралы ұғымдарын кеңейту</p> <p>Мемлекеттік мерекелер: Қазақстан халқының бірлігі мерекесі ,Ұлы Отан соғысы жылдарында Отаның қорғаған қазақстандық жауынгерлердің- Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Маншүк Мәметованың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.</p> <p>Күтілетін нәтежие: Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін игерді. Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлерімен тарихи орындарын, мәдени мұрасының біледі. Өз отаның жақсы көру, оны қорғаудың Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсінеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отаның қорғаған қазақстандық жауынгерлерді біледі, оларды құрметтейді. Өз Отаның жақсы көреді, Қазақстан әскері туралы түсінігі бар. заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады; үлкендерді сыйлайды, кішіге қамқорлық танытады; жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратады, құстардың пайдасын біледі, оларға қамқорлық жасайды; адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін біледі;</p>

